

**«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы»
Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша
САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

р/с №	Құрылымдық бөлігі	Жобаның редакциясы	Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы	Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі	Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда)
1	2	4	5	6	7
1.	Жобаның кіріспесі	Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін, өкілеттігін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.	Кіріспедегі « құқықтық мәртебесін, өкілеттігін » деген сөздер « құқықтық жағдайын » деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-1-бабының 4-тармағына сәйкес келтіру (<i>Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру Конституциялық заңда айқындалады</i>).	Қабылданды
2.	Жобаның 1-бабы 1-тармағының бірінші бөлігі	1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мақсаттары мен міндеті 1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (бұдан әрі – Уәкіл) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың	жобаның 1-бабының 1-тармағында: бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кешілдігін қамтамасыз ету	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.	Қабылданды

		<p>мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету, оларды мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, өзге де ұйымдардың және лауазымды адамдардың сақтауы мен құрметтеуі мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.</p> <p>...</p>	<p>мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.».</p>	<p>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес нормативтік құқықтық акт мәтінінің өзінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың атауларын ғана қысқартуға жол беріледі.</p> <p>Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы тікелей Конституцияда белгіленген.</p> <p>Сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 1) тармақшасына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының</p>	
--	--	--	---	--	--

				мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам.	
3.	Жобаның 1-бабы 1-тармағының екінші бөлігі	1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мақсаттары мен міндеті 1.... Уәкіл қызметінің міндеті адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіруге, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын көтермелеуге және ілгерілетуге жәрдемдесу болып табылады.	жобаның 1-бабының 1-тармағында: екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің міндеттері адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал ету болып табылады.».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-1-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру (<i>Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді</i>). Заң жобасының 7-бабының 1) тармақшасына сәйкес Уәкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын көтермелеу және қорғау мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді.	Қабылданды

				Бұдан басқа, заң жобасының 7-бабының 7) тармақшасы заңдарға сілтемені қамтиды;	
4.	Жобаның 1-бабының 2-тармағы	1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мақсаттары мен міндеті 2. Уәкіл өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен өзге де міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.	2-тармақ алып тасталсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 9-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес нормативтік құқықтық акт бабының тақырыбы баптың өзінің реттеу нысанасын көрсетуге тиіс.	Қабылданды
5.	Жобаның 2-бабы	2-бап. Уәкіл қызметінің қағидаттары Уәкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде заңдылық, әділдік, бейтараптық, объективтілік, жариялылық, ашықтық, айқындық қағидаттарын және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген басқа да қағидаттарды басшылыққа алады.	2-бап мынадай редакцияда жазылсын: «2-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің қағидаттары мен құқықтық негізі 1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде	Депутат И.С. Унжакова Конституцияның 4-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республиканың Конституциялық	Қабылданды

			<p>зандылық, әділдік, бейтараптық, объективтілік, жариялылық, ашықтық, айқындық қағидаттарын және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген басқа да қағидаттарды басшылыққа алады.</p> <p>2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және өзге де міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.».</p>	<p>Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.</p>	
6.	Жобаның 2-бабы	<p>2-бап. Уәкіл қызметінің қағидаттары</p> <p>Уәкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде заңдылық, әділдік, бейтараптық, объективтілік, жариялылық, ашықтық, айқындық қағидаттарын және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген</p>	<p>2-баптағы «Уәкіл» деген сөздер «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл» деген сөздермен ауыстырылсын.</p> <p><i>Заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша осыған ұқсас түзетулер енгізілсін.</i></p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес нормативтік құқықтық акт мәтінінің өзінде мемлекеттік органдар</p>	Қабылданды

		басқа да қағидаттарды басшылыққа алады.		мен өзге де ұйымдардың атауларын ғана қысқартуға жол беріледі.	
7.	Жобаның 2-тарауының тақырыбы	2-тарау. УӘКІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ, ОНЫ ЛАУАЗЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУ, ӨКІЛЕТТІГІН ТОҚТАТУ, ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ, ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУ ТӘРТІБІ	Жобаның 2-тарауының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-1-бабының 4-тармағында және 55-бабының 1) тармақшасында өкілеттіктерді тоқтата тұру көзделмейді (<i>Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады</i>). Саяси партиядағы өкілеттіктерін тоқтата тұру Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілеттіктерін тоқтата тұруды білдірмейді.	Қабылданды
8.	Жобаның 3-бабының 1-тармағы	3-бап. Уәкіл қызметінің кепілдіктері 1. Уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және қандай да бір мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.	3-бап бойынша: 1-тармақтағы «қандай да бір» деген сөздер алып тасталсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Редакциялық түзету.	Қабылданды
9.	Жобаның 3-бабының	3-бап. Уәкіл қызметінің кепілдіктері	2-тармақ алып тасталсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті	Қабылданды

	2-тармағы	2. Уәкілге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша немесе сотқа дейінгі тергеп-тексерудің іс жүргізу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының тиісті заңдарында айқындалады.		<p>Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-1-бабының 3-тармағына сәйкес Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттігінің мерзімі ішінде оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.</p> <p>Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру Сенаттың ерекше қарауына жатады.</p> <p><i>Тармақтардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i></p>	
10.	Жобаның 5-бабы	<p>5-бап. Уәкілді лауазымынан босату</p> <p>1. Уәкілді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты лауазымынан босатады.</p> <p>2. Уәкілді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты атқарып отырған</p>	<p>5-бап мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«5-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қызметінен босату</p> <p>1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Омбудсменді атқарып отырған қызметінен Конституциялық соттың судьяларына ұқсас мерзімінен бұрын босату үшін негізді нақтылау.</p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға,</p>	Қабылданды

	<p>лауазымынан мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.</p> <p>3. Уәкілді атқарып отырған лауазымынан мерзімінен бұрын босатуға мыналар:</p> <p>1) осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамау;</p> <p>2) оған қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;</p> <p>3) соттың Уәкілді әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешімінің заңды күшіне енуі;</p> <p>4) Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы;</p> <p>5) басқа лауазымға тағайындалу, сайлану немесе басқа жұмысқа ауысу;</p> <p>6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұрғылықты тұруға кету;</p> <p>7) атқарып отырған лауазымымен сыйыспайтын</p>	<p>Парламентінің Сенаты қызметінен босатады.</p> <p>2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді атқарып отырған қызметінен босату үшін мыналар негіз болып табылады:</p> <p>1) осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамау;</p> <p>2) оған қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;</p> <p>3) оны әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;</p> <p>4) қайтыс болу;</p> <p>5) заңды күшіне енген сот шешімімен оны хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау;</p> <p>6) Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы;</p> <p>7) басқа қызметке тағайындалу, сайлану немесе басқа жұмысқа ауысу;</p>	<p>нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.</p>	
--	---	---	---	--

		<p>қылмыстық теріс қылықтар жасау; 8) өз өкілеттіктерін доғару туралы өтініш негіздер болып табылады.</p>	<p>8) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету; 9) өз қалауы бойынша қызметтен босату туралы өтініш беру; 10) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген қызметте болу мерзімінің аяқталуы.».</p>		
11.	<p>Жобаның 5-бабы 3-тармағының 7) тармақшасы</p>	<p>5-бап. Уәкілді лауазымынан босату ... 3. Уәкілді атқарып отырған лауазымынан мерзімінен бұрын босатуға мыналар: ... 7) атқарып отырған лауазымымен сыйыспайтын қылмыстық теріс қылықтар жасау;</p>	<p>5-бап. Уәкілді қызметінен босату ... 3. Уәкілді атқарып отырған қызметінен мерзімінен бұрын босатуға мыналар: ... 7) алып тасталсын.</p>	<p>Депутаттар С.В. Имашева Д.В. Колода</p> <p>Жобаның 5-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы осы негізді қамтиды, өйткені соттың қылмыстық теріс қылық жасауға кінәлі деп тану туралы шешімі сот үкімі түрінде де ресімделеді.</p>	Қабылданды
12.	<p>Жобаның 6-бабы</p>	<p>6-бап. Уәкілдің қызметіне байланысты шектеулер 1. Уәкілдің саяси қызметпен айналысу құқығы жоқ. Уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде өзінің саяси партиядағы мүшелігін тоқтата тұрады.</p>	<p>6-бап мынадай редакцияда жазылсын: «6-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметіне байланысты шектеулер Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде:</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Редакциялық түзету.</p> <p>Депутат И.С. Унжакова</p> <p>АҚУ-ға партиялық ықпал етуді алып тастау және оның тәуелсіз</p>	Қабылданды

	<p>2. Уәкіл, оқытушылық, ғылыми не өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, мемлекеттік қызметте бола алмайды, кәсіпкерлік қызметпен айналыса алмайды, коммерциялық ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, оны басқаруға қатыса алмайды, сондай-ақ өзге де ақы төленетін қызметпен айналыса алмайды.</p> <p>3. Уәкілге, егер мүдделер қақтығысы болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады. Ол мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу жөнінде шаралар қолдануға тиіс.</p> <p>4. Уәкіл өкілді органның депутаты бола алмайды.</p> <p>5. Уәкіл:</p> <p>1) өзінің қызметтік жұмысының материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;</p>	<p>1) саяси қызметпен айналысуға;</p> <p>2) өкілді органның депутаты болуға;</p> <p>3) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға;</p> <p>4) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;</p> <p>5) коммерциялық ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, оны басқаруға қатысуға;</p> <p>6) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға;</p> <p>7) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;</p> <p>8) азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарда пайдалануға;</p> <p>9) мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге, оның</p>	<p>қызметін қамтамасыз ету бөлігінде Конституцияға және басқа да конституциялық заңдарға өзгерістер енгізу тұрғысынан.</p>	
--	--	--	--	--

		<p>2) ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;</p> <p>3) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты жеке және заңды тұлғалардың көрсететін қызметтерін жеке мақсатына пайдалануға құқығы жоқ.</p>	<p>ішінде ереуілдерге қатысуға құқылы емес.</p> <p>Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде өзінің саяси партиядағы, кәсіптік одақтағы мүшелігін тоқтатады.</p> <p>Егер Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметке сайланған кезде саяси партияда, кәсіптік одақта тұрған жағдайда, ол тағайындалған күнінен бастап он күн ішінде өзінің оларға мүшелігін тоқтатуға тиіс.».</p>		
13.	Жобаның 7-бабының 2) тармақшасы	<p>7-бап. Уәкілдің құзыреті</p> <p>Уәкіл өз қызметінде:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын көтермелеу және қорғау мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді;</p>	<p>Жобаның 7-бабының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2) өз қызметі туралы жыл сайынғы баяндама, сондай-ақ арнаулы баяндамалар дайындауды және таратуды қамтамасыз етеді;».</p>	<p>Депутат И.С. Унжакова</p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлігінде жазылған құқық нормасы осы актінің басқа құрылымдық бөліктерінде қайталап жазылмайды.</p> <p>Қаралып отырған заң жобасының 8-бабында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің баяндамалары бойынша нормалар қамтылған.</p>	Қабылданды

		<p>2) өз қызметі туралы жыл сайынғы баяндаманы, сондай-ақ арнаулы баяндамаларды дайындайды және таратады;</p> <p>.....</p>		<p>Сондай-ақ, қаралып отырған заң жобасының 10-бабының 4-тармағында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге баяндамаларды дайындауға мамандарды тарту құқығы бекітіледі.</p> <p><i>Тармақшалардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i></p>	
14.	<p>Жобаның 7-бабының 3) тармақшасы</p>	<p>7-бап. Уәкілдің құзыреті</p> <p>Уәкіл өз қызметінде:</p> <p>.....</p> <p>3) Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының кез келген, ашық та, жабық та, бірлескен және бөлек отырыстарына қатысуға және сөз сөйлеуге құқылы;</p>	<p>7-бап бойынша:</p> <p>3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3) Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарына, Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның Палаталары жұмыс органдарының отырыстарына және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының қатысуымен өтетін өзге де іс-шараларға шақыру бойынша қатысады;».</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Қазақстан Республикасында адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының отырыстарына қатысу құқығын бекіту бөлігінде нормалар дауын болғызбау мақсатында. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 8-бабының 2 және 3-тармақтарында Республиканың Президенті, Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелері, Ұлттық Банк Төрағасы, Бас Прокуроры, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, сондай-ақ Мемлекеттік Хатшысы мен Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы кез келген, ашық, сондай-ақ</p>	Қабылданды

				<p>жабық отырыстарға қатысуға және сөз сөйлеуге хақылы деп белгіленгендіктен.</p> <p>Мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғалары, олардың сессияға қатысу қажеттігі туралы Парламенттің немесе оның Палаталарының шешімі қабылданса, Парламентке келіп өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті түсініктер беруге міндетті. Парламент пен оның Палаталарының Республика Президентіне қатысты осындай шешімдер қабылдауға хақы жоқ.</p>	
15.	7-баптың 4) тармақшасы	4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстар, республикалық маңызы бар қалалар немесе астана мәслихаттары сессиясының жалпы отырыстарына шақыру бойынша қатысады;	мынадай редакцияда жазылсын: «4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстар, республикалық маңызы бар қалалар немесе астана мәслихаттары сессиясының жалпы отырыстарына қатысуға құқылы; ».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті	Қабылданды
16.	Жобаның 7-бабының 5) тармақшасы	7-бап. Уәкілдің құзыреті Уәкіл өз қызметінде: 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық	7-бап бойынша: 5) тармақша «алқалы» деген сөзден кейін « мемлекеттік органдардың » деген сөздермен толықтырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті	Қабылданды
				Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік	

		Сотының, мемлекеттік органдарда құрылатын алқалы және өзге де органдардың отырыстарына шақыру бойынша қатысады;		кодексінің 43-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес келтіру <i>(Шешімдері мемлекеттік органдар мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын органдар алқалы мемлекеттік органдар болып табылады. Алқалы орган қабылдайтын шешімдердің заңдылығы үшін жауаптылық, шешімді қабылдаған кезде қарсы дауыс бергендерді қоспағанда, алқалы органның дауыс беруге қатысқан барлық мүшелеріне жүктеледі. Алқалы мемлекеттік органдар қызметінің негізгі нысаны осы органдардың шешімдері қабылданатын олардың отырыстары болып табылады.)</i>	
17.	Жобаның 7-бабының 8) тармақшасы	8) 1984 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға сәйкес ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді;	Жобаның 7-бабының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «8) ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы қызметін үйлестіреді; ».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Азаптауларға қарсы конвенция мемлекеттер үшін азаптаулардың алдын алу жөніндегі ұлттық алдын алу тетігін құру немесе оның жұмыс істеуі жөніндегі міндеттемелерді белгілемейді. ҰАТ Азаптауларға қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманы орындау үшін құрылады (дербес халықаралық шарт болып табылады). Бұл ретте БӨП ФП	Қабылданды

				Омбудсменнің үйлестіруімен ҰАТ құруды да міндеттемейді (форматты функционалдық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, АҚК ФХ-ға қатысушы мемлекеттің өзі айқындайды - 17, 18-баптар). Осыған байланысты осы халықаралық құжатқа сілтемені көрсету артық деп санаймыз.	
18.	Жобаның 7-бабының 19) тармақшасы	7-бап. Уәкілдің құзыреті Уәкіл өз қызметінде: ... 19) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін немесе жазаны орындауға арналған ұйымдар мен мекемелер әкімшілігінің рұқсатымен, сондай-ақ тиісті ұйымдар мен мекемелердегі адамдардың келісімімен кино-, фото- және бейнетүсіруді, олардан сұхбат алуды, оның ішінде аудио-, бейнетехника құралдарын пайдалана отырып жүргізеді; ...	7-бап. Уәкілдің құзыреті Уәкіл өз қызметінде: ... 19) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін немесе жазаны орындауға арналған тиісті ұйымдар мен мекемелердегі адамдардың келісімімен кино-, фото- және бейнетүсіруді, олардан сұхбат алуды, оның ішінде аудио- және бейнетехника құралдарын пайдалана отырып жүргізеді; ...	Депутаттар: Д.В. Колода С.В. Имашева И.С. Унжакова А.О. Қоңыров А.В. Бойчин Ж.Ә. Омарбекова Е.Б. Саиров С.С. Ақышев С.Ж. Нақпаев Халықаралық практикаға және Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы жобасының 7-бабының 18) тармақшасына сәйкес «арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін немесе жазаны орындауға арналған ұйымдар мен мекемелер әкімшілігінің рұқсатымен» 7-баптың 19) тармақшасының құрылымдық бөлігінде жазылған құқық нормасы	Қабылданды

				<p>уәкілдің кино-, фото-және бейнетүсірілімдер, олардан сұхбат алу, оның ішінде аудио-, бейнетехника құралдарын пайдалана отырып жүргізу құқығын шектейді.</p> <p>Заң жобасында ұсынылған норма уәкілетті орган институтын күшейту жөніндегі заң жобасының жалпы тұжырымдамасына сәйкес келмейді</p> <p>Адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде уәкілді шектеуге жол берілмейді деп санаймыз.</p>	
19.	ҚР Заң жобасының 7-бабының жаңа 20) тармақшасы	7-бап. Уәкілдің құзыреті Уәкіл өз қызметінде: жаңа 20) тармақша жоқ ...	7-бап. Уәкілдің құзыреті Уәкіл өз қызметінде: ... 20) мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, Қазақстан Республикасының өзге де ұйымдары мен азаматтары арасындағы дауды реттеу бойынша қоғамдық диалогқа қатысады және өз қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып, ұсынымдар береді; <i>Тармақшалардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i>	<p>Депутаттар: Е.Б. Саиров И.С. Унжакова А.О. Қоңыров А.В. Бойчин С.В. Имашева Д.В. Колода Ж.Ә. Омарбекова С.С. Ақышев С.Ж. Нақпаев</p> <p>Уәкілдің мандатын оны жанжалдарды шешуге тарту, медиацияны қолдана отырып, жанжалсыз шешуге жәрдемдесу арқылы күшейту мақсатында.</p>	Қабылданды

				<p>Бас Ассамблеяның 1993 жылғы 20 желтоқсандағы 48/134 қарарымен қабылданған адам құқықтарын көтермелеумен және қорғаумен айналысатын ұлттық мекемелердің мәртебесіне қатысты қағидаттар (Париж қағидаттары) өзінің басқа да өкілеттіктеріне нұқсан келтірмей «ұлттық құқық қорғау мекемелеріне ымыраға келу, немесе заңмен орнатылған қағидалар аясында міндетті шешімдер шығару арқылы немесе қажет болған жағдайда құпиялылық негізінде бейбіт жолмен реттеу» (D. 1).</p> <p>Париж қағидаттарын ескере отырып, тармақшаны жаңа редакцияда нақтылауды ұсынамын.</p>	
20.	<p>Жобаның 8-бабының жаңа 5-тармағы</p>	<p>8-бап. Уәкілдің баяндамалары</p> <p>1. Уәкіл Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына нормативтік құқықтық актілерді талдау, осы Конституциялық заңға сәйкес шағымдарды қарау және басқа да өкілеттіктерді іске асыру нәтижелерін қамтитын өз қызметі туралы баяндамаларын жыл сайын ұсынады.</p> <p>...</p>	<p>8-бап мынадай мазмұндағы жаңа 5-тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«5. Уәкіл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баяндамаларды дайындауға шарт негізінде ұйымдар мен мамандарды тартуға құқылы.».</p> <p><i>Тармақтардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i></p>	<p>Депутат И.С. Унжакова</p> <p>Заң техникасы Редакциясын пысықтау 10-баптың 4-тармағы 8-бапқа ауыстырылсын.</p>	Қабылданды

21.	Жобаның 8-бабы 3-тармағының екінші бөлігі	<p>8-бап. Уәкілдің баяндамалары ...</p> <p>3. Уәкілдің баяндамалары уәкілетті мемлекеттік органдарға олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қарау үшін жіберіледі.</p> <p>Уәкілетті мемлекеттік органдар Уәкілдің баяндамасын алған күннен бастап үш ай ішінде оған баяндаманы қарау нәтижелері туралы белгіленген тәртіппен хабарлайды.</p>	<p>Жобаның 8-бабы 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«Уәкілетті мемлекеттік органдар Уәкілдің баяндамасын алған күннен бастап үш ай ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған баяндаманы қарау нәтижелері туралы хабарлайды.».</p>	<p>Депутат И.С. Унжакова</p> <p>Редакциялық нақтылау.</p>	Қабылданды
22.	Жобаның 9-бабы	<p>9-бап. Ұлттық алдын алу тетігі</p> <p>Уәкіл ұлттық алдын алу тетігінің тиімді қызметін қамтамасыз ету мақсатында азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді, ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.</p>	<p>9-бап. Ұлттық алдын алу тетігі</p> <p>1. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша қызметін үйлестіру мақсатында Уәкіл:</p> <p>ұлттық алдын алу тетігіне қатысушыларды іріктеуді, оқытуды және тәжірибе алмасуды ұйымдастыру арқылы олардың қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімдерін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;</p> <p>Үйлестіру кеңесін құруды және оның Біріккен Ұлттар Ұйымы</p>	<p>Депутат И.С. Унжакова</p> <p>7-баптың 8) тармақшасын ескере отырып.</p> <p>Уәкілдің ҰПТ үйлестіру жөніндегі өкілеттіктерін төменде көрсетілген заңнамалық актілерден жоғары мәртебесі бар Конституциялық заңда нақтылауды ұсынамыз.</p> <p>Пысықталған редакцияның 2, 3 және 4-тармақтары:</p> <p>40-баптың 2 және 3-тармақтарына, 47-баптың 3-тармағына және ҚАК 49-бабының 3-тармағына,</p> <p>«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңының 11-2-бабының 2 және 3-тармақтарына, 11-9-бабының 3-тармағына, 11-11-бабының 3-тармағына,</p>	Қабылданды

		<p>Азаптауларға қарсы комитетінің Азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;</p> <p>Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен және басқа да ұлттық құқық қорғау мекемелерімен өзара іс-қимыл жасайды;</p> <p>мамандарды тартады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.</p> <p>2. Уәкіл ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың жыл сайынғы жинақталған баяндамасын дайындауға және жариялауға жәрдемдеседі, оны уәкілетті мемлекеттік органдармен талқылауды және онда көрсетілген ұсынымдардың орындалуына мониторингті ұйымдастырады.</p> <p>3. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың алдын ала бару нәтижелері жөніндегі есептерінің негізінде Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және Қазақстан Республикасы азаматының</p>	<p>«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңының 47-2-бабының 2, 3-тармақтарына, 47-9-бабының 3-тармағына, 47-11-бабының 3-тармағына,</p> <p>«Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-11-бабының 2 және 3-тармақтарына, 46-18-бабының 3-тармағына, 46-20-бабының 3-тармағына,</p> <p>Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 185-бабының 2 және 3-тармақтарына, 192-бабының 3-тармағына және 194-бабының 3-тармағына қайшы келмейді.</p>	
--	--	--	---	--

			құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізу не қылмыстық іс қозғау туралы өтінішхатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгінуге құқылы.		
23.	Жобаның 10-бабының 4-тармағы	10-бап. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы құқықтық ағарту, қоғамдық бірлестіктермен, сарапшылармен және мамандармен өзара іс-қимыл ... 4. Уәкіл баяндамаларды дайындауға ұйымдар мен мамандарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарт негізінде тартуға құқылы.	Жобаның 10-бабының 4-тармағы алып тасталсын.	Депутат И.С. Унжакова Заң техникасы Редакциялық пысықтау 10-баптың 4-тармағы 8-бапқа ауыстырылсын.	Қабылданды
24.	Жобаның 12-бабының 2-тармағы	2. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Уәкіл жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады.	«алдын алу тетігінің» деген сөздер «алдын алу тетігіне қатысушылардың» деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 39-бабының төртінші бөлігіне, сондай-ақ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 184-бабының 4-тармағына сәйкес <i>Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін</i>	Қабылданды

				<p>үйлестіреді. Ал ҚЗ жобасының 12-бабының 2-тармағында уәкіл ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың қызметін үйлестіреді деп көзделеді. Ұлттық алдын алу тетігі жалпы алғанда, ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптаудың және қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі деп ұғынылатын кең ұғым болып табылады.</p>	
25.	<p>Жобаның 13-бабының 3-тармағы</p>	<p>13-бап. Шағымды қарау ... 3. Шағымда арыз берушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және тұрғылықты жері немесе жұмыс орны туралы мәліметтер, арыз берушінің пікірі бойынша оның құқықтары мен бостандықтарын бұзған немесе бұзатын шешімдердің немесе әрекеттердің (әрекетсіздіктің) мәнін баяндау қамтылуға тиіс. Шағымға арыз берушінің дәлелдерін растайтын құжаттар және өзге де материалдар қоса беріледі.</p>	<p>13-бап бойынша: орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Редакциялық түзету.</p>	<p>Қабылданды</p>

26.	Жобаның 13-бабы 4-тармағының 1) тармақшасы	13-бап. Шағымды қарау ... 4. Шағымды алып, Уәкіл мынадай шешімдердің бірін қабылдайды: 1) шағымды Уәкіл бекітетін тәртіппен қарауға қабылдайды;	13-бап бойынша: 4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «1) шағымдарды қарау қағидаларына сәйкес шағымды қарауға қабылдайды;».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлігінде жазылған құқық нормасы осы актінің басқа құрылымдық бөліктерінде қайталап жазылмайды. Қаралып отырған заң жобасының 7-бабы 14) тармақшасының екінші абзацында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің шағымдарды қарау қағидаларын бекітуі белгіленеді..	Қабылданды
27.	17-баптың 2-тармағының 2) және 3) тармақшалары	17-бап. Шағымдарды қарау қорытындысын жинақтап қорыту ... 2. Ерекше қоғамдық маңызы бар не Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жаппай бұзылуына байланысты жағдайларда Уәкіл мынадай шаралар қолданады:	17-баптың 2-тармағында: 2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын: «2) сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме беру ұсынысымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жүгінеді; 3) осы Конституциялық заңға сәйкес өзге де шаралар.».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлігінде жазылған құқық нормасы осы актінің басқа құрылымдық бөліктерінде қайталап жазылмайды. Қаралып отырған заң жобасының 7-бабының 15) тармақшасына сәйкес	Қабылданды

		<p>2) адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгінеді;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме беру ұсынысымен өтініш жасайды.</p>		<p>Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігі мәселесі бойынша Конституциялық сотқа жүгінетіні анықталды.</p>	
28.	<p>Жобаның 18-бабы 4-тармағының үшінші сөйлемі</p>	<p>Аудио жазбаларды, фото және бейнетүсірілімдерді пайдалана отырып әңгімелесулер жүргізу тиісті ұйымдар мен мекемелер әкімшілігінің рұқсатымен жүзеге асырылады.</p>	<p>Жобаның 18 бабы 4-тармағының үшінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«Аудиожазбаларды, фото- және бейнетүсірілімдерді пайдалана отырып әңгімелесулер өткізу тиісті ұйымдар мен мекемелердегі адамдардың келісімімен жүзеге асырылады.».</p>	<p>Депутаттар: Д.В. Колода С.В. Имашева И.С. Унжакова А.О. Қоңыров А.В. Бойчин Ж.Ә. Омарбекова Е.Б. Саиров С.С. Ақышев С.Ж. Нақпаев</p>	<p>Қабылданды</p>

				ҚР Конституциялық заңы жобасының 7-бабының 19) тармақшасына сәйкес келтіріледі.	
29.	Жобаның 20-бабының 6-тармағы	20-бап. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық 6. Ұлттық орталық пен оның өкілдіктері қызметкерлерінің ақшалай қамтылымы, оларды медициналық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес айқындалады.	20-баптың 6-тармағы алып тасталсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлігінде жазылған құқық нормасы осы актінің басқа құрылымдық бөліктерінде қайталап жазылмайды. Қаралып отырған заң жобасының 21-бабында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді, оның өкілдерін және жұмыс органын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі норма белгіленеді.	Қабылданды
30.	Жобаның 23-бабының 1-тармағы	23-бап. Осы Конституциялық заңды қолданысқа енгізу тәртібі 1. Осы Конституциялық заң, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 7-баптың 15) тармақшасын және 17-баптың 2-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған	23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «1. Осы Конституциялық заң, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 7-баптың 15) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.».	Депутат И.С. Унжакова Заң техникасы Жобаның 17-бабы 2-тармағының 2) тармақшасының өзге редакцияда жазылуына байланысты.	Қабылданды

	күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.			
--	--	--	--	--

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» ҚР заңының нормаларына сәйкес келтірілсін.

Комитет төрағасы

А. Қожахметов



*Дұрыс! Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шайтанбаев.*